ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 23 қазан №5165-23-00-2/2536 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.Рүстем, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Жасыл Арыс» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

ЖАУАПКЕР:
«Service Group Eurasia» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. Тұрақсыздық сомасын өндіру.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 223-226, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Жасыл Арыс» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Service Group Eurasia» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Service Group Eurasia» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен «Жасыл Арыс» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің пайдасына 11 237,66 (он бір мың екі жүз отыз жеті теңге алпыс алты) теңге тұрақсыздық айыппұл өндірілсін.

«Service Group Eurasia» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттің пайдасына 1 725(бір мың жеті жүз жиырма бес) тенге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс

Құжатқа қол қойылған: Рүстем Б. М., 26.10.2023
Заңды күшіне енген күні: 04.12.2023, судья Рүстем Б. М., 04.12.2023
5165-23-3-1/2758

жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат беруге мүмкін.

Судья **Б.Рүстем**

Құжатқа қол қойылған: Рүстем Б. М., 26.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 04.12.2023, судья Рүстем Б. М., 04.12.2023

5165-23-3-1/2758